

**Қазақ тілі оқытушысының 2023 - 2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : **ЖШС "Iskakov Trade" мини-центр "Ақбота"**

Топ: «**Сұнқар**» ересек топ

Балалардың жасы: **4-5 жастан**

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2023-2024 оқу жылы.

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Сәуір	Казақ тілі	<p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекеттінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.</p> <p><b>Тілдік дамытуши орта.</b></p> <p>Айналасындағы өзін қоршаган ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Ұжымдық әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө, қ, ү, ұ, і" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуда.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпактар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуда.</p>

баулу.

**Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Сөздерді жіктең, тәуелден, септеп қолдана білуге үйрету.

**Байланыстырып сөйлеу.**

Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бүйректы сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратада білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.